

**БЕКІТЕМІН**  
**«Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының**  
**Атқарушы директоры**



**/С.Н. Қазыбаева**  
**«11» ақпан 2021 ж.**

**«Алматы марафонының» 2021**  
**сөрелік жарналарын қайтару туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**Алматы қ.**  
**2021 ж.**

## **1. СӨРЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЙТАРУ:**

- 1.1. Ақшалай қаражаттарды қайтару тек «Алматы марафоны» 2021 жарысының сөрелік жарнасын **14.02.2021 ж.** Нұр-сұлтан қ. уақытымен **23:59-ға дейін** төлеген қатысушыларға ғана жүргізіледі. 100% сөрелік жарналар қайтарылады (сатып алынған жеңіл жейде / лонгслив сақталады).
- 1.2. «Алматы марафоны» 2021 жарысының сөрелік жарнасын **15.02.2021 ж.** Нұр-сұлтан қ. уақытымен сағат **00:00-ден кейін** төлеген қатысушыларға, **12.09.2021 ж.** өтетін «Алматы марафоны» 2021 іс-шарасына сөрелік нөмірлер беріледі. Ақшалай қаражат қайтарылмайды.

## **2. ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ.**

Қаражатты қайтаруға арналған өтінімдерді қабылдау **15.02.2021-31.03.2021 ж.** аралығында [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) сайтындағы жеке кабинет арқылы жүргізіледі.

## **3. ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУҒА ӨТІНІМ БЕРУ.**

1. «Алматы марафоны» [almaty-marathon.kz](http://almaty-marathon.kz) сайтындағы жеке кабинетке кіру
2. «Менің жүгірулерім» бөлімінде «Алматы марафоны» іс-шарасын таңдау
3. Қайтаруды рәсімдеу батырмасын басу
4. Өтінімді рәсімдеумен келісу

## **4. ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ (БАНК ШОТЫНА) ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАЙТАРУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ.**

- 4.1. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді қайтару **01.04.2021-09.04.2021 ж.** аралығында «Алматы марафонының» сөрелік жарнасын төлеген картаға жүргізіледі.

## **5. ҚОЛМА-ҚОЛ ТӨЛІМДЕРДІ ҚАЙТАРУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ**

- 5.1. «Алматы марафонының» 2021 жарысының сөрелік жарнасын Qiwi терминал арқылы төлеген қатысушыларға қайтару, «Бірінші болу – батылдық» КҚ кеңсесінде қолма-қол ақшалай жүргізіледі.
- 5.2. Қолма-қол ақшамен қайтару **01.04.2021-09.04.2021 ж.** аралығында Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат **11:00-ден 16:00-ге дейін** «Бірінші болу – батылдық» КҚ кеңсесінде, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5 1а корпус, 501 кеңсе мекенжайы бойынша жүргізіледі.